

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ҒЫЛЫМИ, ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ЖУРНАЛ

Айқап



Халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми, әдеби-көркем журнал

Жылына 4 рет шығады

Басылымның 1911 жылдың қаңтар айынан 1915 жылдың шілде айына дейін Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен 88 саны жарық көрді.

2012 жылдың шілде айынан бастап жазушы-қайраткер Қоғабай Сәрсекеевтің ұйымдастыруымен журналдың жалғасы ретінде тіркеліп, редакторлығымен 10 нөмірі жарық көрді.

2016 жылдың наурыз айынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылтайшылығымен қайта шығарыла бастады.

International social-political, scientific and literary-art journal

Published 4 times a year

Under the editorship of Mukhamedzhan Seralin, from January 1911 to July 1915, it was published 88 issues of the journal.

Through the writer, public figure Kogabay Sarsekeev, since the July 2012, under his editorship were published 10 issues of the journal, re-registered as a continuation of the journal.

Since March 2016 the journal is published on the basis of Al-Farabi Kazakh National University.

Международный общественно-политический, научный и литературно-художественный журнал

Выходит 4 раза в год

Редактором Мухамеджаном Сералиным с января 1911 года по июль 1915 года было издано 88 номеров журнала.

Писатель, общественный деятель Когабай Сарсеев с июля 2012 года издал 10 номеров журнала, пере-регистрированного как продолжение издания Сералина.

С марта 2016 года журнал издается в Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Құрылтайшы
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Founder
**Al-Farabi Kazakh National
University**

Учредитель
**Казахский национальный университет
имени аль-Фараби**

Редакцияның мекенжайы:
050016, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғ., 71
БОК-II, журналистика факультеті, 205-каб.
Электрондық пошта: aikap145kaznu@gmail.com

Editorial address:
050016, Almaty, Al-Farabi avenue, 71
E-mail: aikap145kaznu@gmail.com

Адрес редакции:
050016, г. Алматы, проспект аль-Фараби, 71
ГУК-II, факультет журналистики, каб. 205
Электронная почта: aikap145kaznu@gmail.com

Журнал ҚР Инвестициялар және даму
министрлігінде 2016 жылдың 12 сәуірінде
тіркеліп, №15947-Ж куәлігі берілді.

Индексі: 74516

Журнал сериялық басылымдарды
тіркейтін ISSN Халықаралық орталығында
(ЮНЕСКО, Франция, Париж) тіркеліп,
халықаралық ISSN 2304-9324 нөмірі берілді

Бас редактор
Ғалымқайыр Мұтанов

Бас редактордың бірінші орынбасары
Өмірхан Әбдиманұлы

Бас редактордың орынбасары
Сағатбек Медеубекұлы

Жауапты редактор
Гүлнар Мұқанова

Қазақ мәтінінің редакторы
Жетпісбай Бекболатұлы

Орыс мәтінінің редакторы
Іңкәр Кәкілбаева

Ағылшын мәтінінің редакторы
Қарлыға Мысаева

Chief Editor
Galimkair Mutanov

The first deputy editor
Omirhan Abdimanuly

Deputy Chief Editor
Sagatbek Medeubekuly

Contributing editor
Gulnar Mukanova

Editor of Kazakh text
Zhetpisbaj Bekbolatuly

Editor of Russian text
Enkar Kakilbaeva

Editor of English text
Karlyga Mysaeva

Главный редактор
Галимқайыр Мутанов

Первый заместитель главного редактора
Омирхан Абдиманулы

Заместитель главного редактора
Сағатбек Медеубекұлы

Ответственный редактор
Гюльнар Муқанова

Редактор казахского текста
Жетписбай Бекболатұлы

Редактор русского текста
Энкар Какильбаева

Редактор английского текста
Қарлыға Мысаева

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
Әбжанов Хангелді
Байбек Бауыржан
Бекір Қарлыға (Түркия)
Берязев Владимир (Ресей)
Дербісәлі Әбсаттар
Жақып Бауыржан
Жұрынов Мұрат
Кибальник Сергей (Ресей)
Қалижанов Уәлихан
Қойгелдиев Мәмбет
Мелвилл Чарльз (Ұлыбритания)
Оразалин Нұрлан
Сағадиев Кенжеғали
Салихов Азат (Башқұртстан)
Сейсенбаев Роллан
Сәрсекеева Гаухар
Сүлейменов Олжас
Уинстон Наган (АҚШ)
Хамиер Аббас (Иран)

EDITORIAL COUNCIL
Abzhanov Khangeldy
Baibek Bauyrzhan
Bekir Karlyga (Turkey)
Beryazev Vladimir (Russia)
Derbisali Absattar
Zhakyp Bauyrzhan
Zhurinov Murat
Kibalnik Sergey (Russia)
Kalizhanov Ualikhan
Koygeldiev Mambet
Charles Melville (United Kingdom)
Orazalin Nurlan
Sagadiyev Kenzhegali
Azat Salikhov (Bashkortostan)
Seisenbayev Rolland
Sarsekeeva Gauhar
Olzhas Suleimenov
Winston Nagan (USA)
Hamier Abbas (Iran)

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ
Абжанов Хангельды
Байбек Бауыржан
Бекир Қарлыға (Түркия)
Берязев Владимир (Россия)
Дербисали Абсаттар
Жақып Бауыржан
Журинов Мурат
Кибальник Сергей (Россия)
Қалижанов Уәлихан
Қойгельдиев Мәмбет
Мелвилл Чарльз (Великобритания)
Оразалин Нұрлан
Сағадиев Кенжеғали
Салихов Азат (Башқортостан)
Сейсенбаев Роллан
Сәрсекеева Гаухар
Сүлейменов Олжас
Уинстон Наган (США)
Хамиер Аббас (Иран)

Мазмұны – Contents – Содержание

МІНБЕР – TRIBUNE – ТРИБУНА

<i>Бекір ҚАРЛЫҒА</i> Әл-Фараби және әлемдік өркениет	4
---	---

АҚПАРАТ – INFORMATION – ИНФОРМАЦИЯ

Әл-Фараби жылы ҚазҰУ-дан бастау алды	11
--	----

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР – LIFE OF WONDERFUL PEOPLE – ЖЗЛ

Ақшан МАШАНОВ	18
---------------------	----

САРАПТАМА – ANALYTICS – АНАЛИТИКА

<i>Mike THOMAS</i> ағын <i>ҚАСЫМЖАНОВ</i> Әл-Фараби және оның заманы	19
---	----

<i>Georgios STEIRIS</i> Al-Farabi's ecumenical state	34
---	----

<i>Жангара ДӘДЕБАЕВ</i> Ғылыми ойдың данасы	40
--	----

<i>Наталья ЕФРЕМОВА</i> Аль-Фараби И «мусульманские» составляющие политической философии	51
---	----

ӨРКЕНИЕТ – CIVILIZATION – ЦИВИЛИЗАЦИЯ

<i>Бақытжан ҚУАНДЫҚОВ, Бақытжан ЖАҚСЫМБЕТОВ</i> Ұлы даланың тұлғасы	58
--	----

<i>Charles E. BUTTERWORTH</i> The recovery of Al-Farabi	53
--	----

<i>Мехмет БАЙРАКТАР</i> Аль-Фараби – выдающийся философ ислама	70
---	----

РУХАНИЯТ – SPIRITUALITY – ДУХОВНОСТЬ

<i>Анар САЛҚЫНБАЙ</i> Әл-Фараби ілімі – тіл теориясының тұғыры	78
---	----

<i>Сунатullo ДЖОНБОБОВ, Шодигул БАНДАЛИЕВА</i> Человек и социум в учениях Абу Насра аль-Фараби и Насира Хусрава	86
--	----

<i>Алтынай ТЫМБОЛОВА</i> Тілдік санадағы ұлттық код	100
--	-----

ТҰЛҒА – PERSONALITY – ЛИЧНОСТЬ

<i>Рахима НУРИДЕН</i> Ақжан машини – Фарабитанудың негізін қалаушы	106
---	-----

<i>Сағымбай КОЗЫБАЕВ</i> Ануар, сын Турлыбека	114
--	-----

ӘДЕБИ ТАНЫМ – LLITERARY CRITICISM – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

<i>Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ</i> Сөз өнерінің зергері	119
---	-----

<i>Энкар КАКИЛЬАЕВА</i> Последний долг абдижамила нурпеисова, или Абдижамил Нурпеисов: «Я не чинил людям зла...»	126
--	-----

<i>Айгүл РАМАЗАН, Аружан ЕЛҒОНДИНОВА</i> Ұлы түркі дүниесінің қазіргі Қазақ поэзиясындағы көрінісі	135
---	-----

ПОЭЗИЯ – POETRY – ПОЭЗИЯ

<i>Илияс ЕСЕНБЕРЛИН</i> Әбу Насыр Мұхамед Әл Фараб	142
---	-----



Автор туралы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультеті Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор.

About the author: head of the Department of Publishing, editorial and design art of the faculty of journalism of KazNU. al-Farabi, Ph. D., Professor.

Об авторе: заведующая кафедрой Издательско-редакторского и дизайнерского искусства факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби, д.ф.н., профессор.

Автор туралы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультеті Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының 2-курс магистранты.

About the author: 2nd year master's student of the al-Farabi of KazNU Department of Publishing, editorial and design art of the faculty of journalism.

Об авторе: магистрант 2 курса кафедры Издательско-редакторского и дизайнерского искусства факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби.



Айгүл РАМАЗАН, Аружан ЕЛҒОНДИНОВА

ҰЛЫ ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Аталмыш мақала ұлы түркі дүниесінің қазіргі қазақ поэзиясындағы көрінісін зерттеуге, зерделеуге бағытталған. Сондай-ақ, қазақ поэзиясында жыраулық дәстүрді жаңғыртып, ұлы түркі дүниесін рухты жырларымен бейнелеген заңғар акын Заида Елғондинованың күллі Сақ елін қанды қырғыннан аман алып қалған жүрегі түкті жолаң батыр Тұмар ханшайымның, әлемді қаныпезерлігімен дүр сілкінткен Ескендір патшаны жаралап, меселін қайтарған Спитаменнің, түркі әлемінің тарихында ойып тұрып орын алған «Тәңірідей тәңіріден жаралған» Күлтегіннің, жау алмас алып Византия мемлекетін тізе бүктіріп, ұлы түркінің рухын күллі Еуропаға дарытқан Мехмет сұлтанның асқан ерлігін, тең келмес қаһармандығын жырына арқау етеді.

Ajgul' RAMAZAN, Aruzhan ELFONDINOVA

THE VIEW OF GREAT TURKISH WORLD IN MODERN KAZAKH POETRY

Abstract. Iven article aimed to research and observe the view of great turkish values in modern kazakh poetry. Moreover, renew the zhyrau art in kazakh poetry, paint the turkish world in her poems was ZaidaYelgondinova, who showed strong Tomiris which saved the Sacks, hurt famous cruel Aleksandr, took revenge roSpitamen, Mekhmet Sultan's won of invincible Vizantia that was a country of Kultegin, who was a great historical person in the turkish world.

Айгуль РАМАЗАН, Аружан ЕЛҒОНДИНОВА

ВЕЛИКИЙ ТЮРКСКИЙ МИР В СОВРЕМЕННОЙ ПОЭЗИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Данная статья направлена на изучение великого тюркского мира в современной казахской поэзии. Также в статье была представлена великая поэтесса Заида Елгондинова, которая воспроизвела жыраускую традицию и воплотила великий тюркский мир в духовной поэзии, воспевая храбрость принцессы Тумар с храбрым сердцем, спасшую саков от кровавых расправ, великого батыра Спитамена, который ранил самого короля Александра, потрясшего мир жестокостью, Культегина, запечатлившегося в истории тюркского мира «рожденный богом как бог», Мехмет Султана, победившего великую Византию и придавшего дух тюрка всей Европе.

Кең байтақ, бал арқалы бай даланың
әр түгі, әр тасы мен әр топырағы тамыры
тереңде жатқан тарих қойнауынан сыр
шертеді. Расымен де, жерді тітіреткен
кисапсыз кірмембес шерік пен тұяқ
серпіген сансыз талау дүбірі, шайқаста
кетілмеген алдаспанның сынғыры мен
жалаңқат сауыт киінген жойдасын
баһадүрлердің шарқ ұрған аруақты
адуын үні – ұлы түркі тарихының
бұлттарысы мен бұралаңы көп «тар жол
тайғақ кешудегі» егіленбес қай- раты
мен мүдірмес қажырынан, өрлігі мен
ерлігінен хабар бергендей. Төрт- күл
дүниенің төрт құбыласын тең ұстаған
ұлы түркілердің ұлы арма- ны –
тобылғының берегіндей ұстыны
мықты, іргесі берік біртұтас ел болу еді.
Күллі күшін сарп етіп, жағадан алған
жауды жәукемдеп, намыс жо- лында
жанын құрбан еткен бабалар ұлы тарих
жолында сан белестен меселі қайтпай,
мүдірмей өтті. Ал сол батыр
бабаларымыздың қаншама ғасырлар
бойы күреспен, шайқаспен, соғыспен
өткен қатпарлы қияпаттарын, ұлы ар-
маны мен асқан ерлігін «жыр семсерін
шындаған» өр ақындардың өргек
жырлары арқылы білеміз, сезінеміз,
өткенмен байланысып, рухтанамыз.

Қазақ поэзиясында жыраулық
дәстүрді жаңғыртып, сан қатпарлы та-
рихтан сыр шертіп, ұлы түркі дүниесін
рухты жырларымен бейнелеген заңғар
ақын Заида Елғондинованың «Ұлы дала
рухы» атты жыр жинағы айбыны сесті,
айдыны күшті батыр бабаларымыздың
өр рухына арналған. Ақын «Тұмар хан-
шайым туралы жыр» атты топтамасын-
да Сақ мемлекетін әділ басқарған асыл
текті Тұмар (Томирис) ханшайымның
қайталанбас ерен ерлігін бейнелейді.
Мәселен, ақын:

Алтын қалпақ басында,
Жарқылы ұқсап жасынға.
Бадана киген батыры,
Ер қосыны қасында.

«Батыр аңғал, ер көдек»,
Қамданып жаудан ертерек.

Алтын жақты айбалта,
Қас жауына сермемек.

Екітүгей ат мініп,
Күмістен ерді шапқызып.
Сүмбі сүңгі жастанып,
Ертоқымын тақ қылып.

Садаксандай шарқұрып,
Адырнадай тартылып.
Түн күзетті Тұмар қыз,
Көз ілуді ар қылып, –

деген «Жорық» атты жырында көне
сақтардың сайдауыл бейнесін береді.
Мұндағы «бадана» сөзі – кіреуке
сауыттың кең көз түрін білдіреді.
«Қазақстан»: Ұлттық энциклопе-
диясында: «Сақ, сармат, көне түркі
дәуірлеріне жататын ескерткіштерді
қазу кезінде басқа кіреуке сауыттар-
мен бірге бадананың қалдықтары да
табылған. Бадананың жеңі шынтаққа,
етегі тізеге дейін жеткізіліп, әр
батырдың тұлғасына сай тоқылатын
болған» делінген [1]. Яғни, басы- на
алтын қалпақ, үстіне бадана киіп, алтын
жақты айбалта асынған сақ
жауынгерлерінің мықты қаруланғанын
байқауымызға болады. Ал, екітүгей ат
– сауырлы келген, екі аттың мінісін
беретін, батырлар мінетін міністі ат
деген ұғымды берсе, сүмбі сүңгі –
темірден, болаттан қырлап жасалған
ұшы үшкір найза («Қазақ тілінің
түсіндірмелі сөздігі») деген ұғымды
білдіреді [2]. Көне грек тарихшысы
Страбон сақтарды «азиялық скиф- тер»
деп тегін атамаса керек. Ақын Тұмар
ханшайымның шынайы обра- зын
«садаксандай шарқұрып, адыр- надай
тартылып» деген тың теңеулер арқылы
астарлап береді. Ақынның
«садаксандай шарқ ұрып» деген
ұғымды пайдаланудың астарында
үлкен мән-мағына бар. Мәселен,
садақсан – бүркіттің асыл текті тұқымы
деген мағынаны береді. Яғни, ақын
садақсанды қолдану арқылы, Тұмар
ханшайымның тектілігі мен
бекзаттылығын көрсетеді. Күллі Сақ

елін зор абыроймен басқарған Тұмар ханшайымның алдында сын мен сынақтар көп болды. Соның ішінде парсының патшасы қанішер Кирдің шапқыншылығы еді.

Жүрегі ойдан езілді,
Таң алдында көз ілді.
Кирдің сөзі есінде:
«Оям деген көзінді!

Қабырғанды күйретіп,
Жабыдай қып үйретіп.
Ат артына салармын,
Бұрымыңнан сүйретіп!

Қасарыссаң міз бақпай,
Сүйретермін тулақтай.
Маған әйел боларсың,
Күллі әлемді шулатпай!» –

деп ақын Заида Елғондинова қанішер Кирдің күллі Сақ елінің патшайымы Тұмарды басынып, «қасарыссаң тулақтай сүйретермін» деп зомсынғанын асқан шеберлікпен суреттейді. Тұмар ханшайымға үйленемін деген желеумен қанішер Кир Сақ елін басып алуды жоспарлайды. Бұл әрекет Тұмар ханшайымның намысына тиеді. Өзін қорлау арқылы күллі Сақ елін қорлаған қанішер Кирді ақын былайша суреттейді:

Талай елді жаулаған,
Аш қорқаудан аумаған.
Өлекшін* қасқыр емізген,
Қылышынан қан саулаған.

...Жаралған тастан жүрегі,
Қанқұйлы жауыз Кир еді.
Бұл да осал жау емес,
Жеңімпаз патша бірі еді.

Аңыз бойынша, төрт құбыланың ұлы билеушісі Кирді қасқыр асырап өсірген дейді. Бұл әлбетте, Кирдің де осал жау емес екендігін, тастан жүрегі жаралған қанқұйлы жауыз екенін білдіреді. Өзінің жеңімпаздығына мастанған қанқұйлы патша Тұмар ханшайымның ұсыныстан бас тартқанын желеу етіп, сақтың жеріне табан тірейді.

Тұмар ханшайымның ерлігі ту-ралы Страбон, Полиэн, Иордан сын-ды көне грек тарихшылары жазған болатын. Геродоттың жазбасы бойынша, Кир Аракс өзенінен өтіп, мас-сагеттерге шарап беріп, мас қылып, тұтқынға алады. Тұтқындардың арасында Тұмар ханшайымның баласы Спаргапис те болады. Айыққаннан кейін өзінің алданғанын білген Спаргапис өзін өлтіреді. Бұл әрине Тұмар ханшайымның жүрегін тілкемдейді. Төрт құбыланың ұлы билеушісі атанған Кирдің тәртесіз әрекетіне Тұмар ханшайым: «Қанқұмар Кир! Жеңіске желікпе. Сен менің ұлымды ашық айқаста қару құдіретімен жеңген жоқсың. Шарап ішкізіп, алдап барып, пенде еттің. Енді менің мына ақылымды ал. Айла амалмен біраз жауынгерімді опат еткенінді қанағат тұтып, менің ұлымды өзіме қайтарып бер де, есен-сауында жөніңді тап. Егер өйтпесең, Тәңірі атымен ант етіп айтайын, қанға қаншама тойымсыз болсаң да, адам қанын сусының қанғанша ішкізермін!», – деп соңғы сөзін жеткізеді [3]. Келесі күні адамзат тарихында мәңгі ұмытылмас кескілескен қанды шайқас болады. Бірақ, ақын Заида Елғондинова суреттегендей «көктүбіттей мысы бар, он барыстың күші бар» сак жауынгерлері кірмембес қисапсыз қолды қынадай қырып, шілдей тоздыртты. Ал, Кирдің басын шауып, қанға толы меске салып: «Әйтеуір тірі қалдым, сені жеңіп шықтым де-месем, жан дегендегі жалғыз ұлымды аярлықпен қолға түсіріп, сен менің түбіме жеттің, жауыз! Енді Тәңірге берген сертімді орындап, сусыныңды қандырғаннан басқа амалым жоқ», – деп қанға бөктіреді [4]. Бұл оқиға ұлы дала батырларының өздігінен ешкімге тиіспейтінін, ал егер намысына тисе, қанды қасақта қармасқанды құлатып, сермескенді сұлататынын тағы да көрсетті. Тұмар ханшайымның осы бір асқан ерлігіне тәнті болған еуро-

па тарихшылары аңыз-эпсана айтса, ал Рубенс, Аллегрини, Лука Ферра-ри іспетті танымал суретшілер ұлы даланың еркін елі Сақтың жойдасын патшайымы Тұмардың (Томирис) батыр бейнесін салған. Осындайда ақын Заида Елғондинованың Тұмар ханшайымның ержүрек бейнесін беретін жыр шумақтарын келтіруді жөн көрдік:

«Аламан жорық киімі»,
Көк тәңірдің сыйы ұлы.
Үзбелі күміс зереден,
Жарқ-жүрк етіп иығы.

Көктүбіттей мысы бар,
Дұшпанын көрсе ұшынар.
Өн бойында ханшаның,
Он барыстың күші бар.

Ұлы түркілер тарихында тағы бір елеулі оқиға бабаларымыздың ержүректігінен хабар береді. Ол – сонау жарты әлемді жаулаған, қылышынан қан, қабағынан қар жауған қанқұйлы жауыз Александр Македонскийдің аяғын жаралап, күллі Сақ елін тағы бір қанды қасастан аман алып қалған Спитамен батырдың ерлігі еді. Та-рихи деректерге сүйенсек, Спитамен батырдың батылдығын осылайша баяндайды: «Спитамен, Сыпатай шамамен біздің заманымыздан бұрын 345-326 жылдары өмір сүрген сақ қолбасшысы. Спитаменнің басшылығымен сақтар жаулаушы Александр Македонский-ге үш жыл бойы күшті қарсылық көрсетті. Ежелгі грек тарихшысы Ар-риан Македонскийдің Сырдариядан жүзіп өтіп, сақтарға қалай шабуыл жасағаны туралы жазады: «Спита-мен шегінген сыңай танытты. Грек-тер «қорқып қашқан» көшпелілердің соңынан қуа жөнелгенде, Спитамен кері бұрылып, шабуылға шықты. Грек-тер өзендегі кішкентай аралға қарай қашты. Спитаменнің атты әскері олар-ды қоршауға алды да, садақпен атып, түгел қырып салды» [5].

Ақын Заида Елғондинова Спитамен батырдың бейнесін былайша береді:

Садаккердей сартылдап,
Наркескендей жарқылдап.
Ақ кіреуке көк сауыт,
Шынжыр бауын алтындап.

Қарағайдан найза саптатып,
Алмаспен оны аптатып.
Көкірегіне шарайна,
Иығына жақ батып.

Алсарыдай алқынып,
Бір өзі жаудан артылып.
Құранды қос саржаның,
Кірісіне зар тұнып.

Дұшпанның қайтпас беті деп,
Қан майданның өті деп.
Жан-жүрегі қабарып,
Шағырмақ бұлттай сетінеп.

Түнде ұшатын оқпақтай,
Көкті көктер шақпақтай.
Шой желкесі тоқпақтай,
Жауырыны қақпақтай.

Мұндағы наркескен сөзі – қылыштың ерекше түрін білдіреді. Наркескеннің сабын сүйектен немесе мүйізден әзірлеп, алтынмен немесе күміспен әшекейлейді, асыл тастар орнатады [6]. Ақын батыр Спитаменнің күллі ішкі жан-дүниесін, толқыныстары мен толғаныстарын тебірене суреттейді. Саржа деген сүйектен әшекейленген садақ. Ал, кіріс садақтың ағашына керілген жіпті білдіреді. Яғни, ақын Заида Елғондинова Спитаменнің сол кездегі ішкі толқынысын «құранды қос саржаның, кірісіне зар тұнып» де-ген тың метафорамен астарлап береді. Саржаның кірісіне де зар тұнады-ау деген ойға қалып, тәнті боласың. Сондай-ақ, «жан-жүрегі қабарып, шағырмақ бұлттай сетінеп» деп батырдың шынайы бейнесін менмұндалайды. Расымен де, жүрегінің түгі, табанының бүрі бар қандай батыр болмасын, шайқастың алдында халқының алдындағы зор жауапкершілікті тереңінен сезініп, шағырмақ бұлттай сетінейді.

Ал, енді қанды шайқасты сурет- теу, әрине, үлкен талантпен қатар, білім мен ізденісті қажет етеді. Ақын Заида Елғондинова Спитамен мен Македонскийдің соғысын былайша суреттейді:

Жаңбырша жауды аспаннан жебелері,
Тізгінін тұлпарлардың тежемеді.
Сағымына сары даланың араласып,
Желкендей желпілдеді кемедегі.

Тізгінін тұлпарлардың босатпады,
Шайқаспен өткізді олар қос аптаны.
Омырып ат тұяғы қара жерді,
Қып-қызыл оттай қылды ошақтағы.

Қырылып сары далада жан кешті өмір,
Шаһитті сағымға орап әлпеште, қыр.
Атылып дұшпанына жолбарыстай,
Сілтеді Спитамен наркескенін.

Сары дала сағым ойнап, жаз аптабы,
Қосынын Ескендірдің азаптады.
Наркескен сілтей-сілтей қансоқта боп,
Тершіді тарта-тарта садақ сабы.

Аспаннан жаңбырша жауған жебелер. Қара жерді ат тұяғы омырғаннан, ошақтың отындай қып-қызыл болған дала. Қанды қасаста қанға бөккен қос жақ. Наркескенді сілтей-сілтей қансоқта болған жауынгерлер. Тарта-тарта тершіген садақ сабы. Мұны оқып отырып, қанды шайқасты өз көзіңмен көріп отырғандай, сол шайқаста өзің қансоқта болып шайқасып жатқандай әсерде боласың. Ақын сөзінің құдіреті соншалық, он жеті ғасыр бұрынғы осы бір елеулі оқиға ғасырдан-ғасырға озып жаңғырып келеді. Ғасыр мен ғасырдың, тіпті дәуір мен дәуірдің арасындағы байланыс құдіретті сөз арқылы ғана үзілмей келе жатқанын тағы да терең түйсінесің. Атанәкес дұшпанына жолбарыстай атылған Спитамен батыр Ескендірдің санын сәкетермен жаралап, жаудың бетін қайтарды. Өзін әлемнің жеңілмес ұлы патшасындай көрген Ескендір меселі қайтып, ұлы сақтың сағым құшқан сары даласынан кері шегінді. Бұл, әрине, сақ елін тағы бір зауалдан аман алып қалды.

Ақын Заида Елғондинова екінші Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «көк түріктің көк семсері» атанған атақты батыр Күлтегіннің ұлу рухын жырлайды. Көкаланың көзіндей Күлтегіннің табғаштардың тоқтаусыз шабуылынан елін азат ету үшін тынымсыз еңбек еткенін, «емендей берік, бәйтеректей зор» бейнесін Орхон-Енисей жазбалары арқылы жақсы білеміз. «Тәңірідей тәңіріден жаралған» Күлтегін батырдың қажымас қайраты мен өрлігін ақын Заида Елғондинова төмендегідей суреттейді.

«Бек ұлдарын құл етіп»,
Көкірегіне қайғы түнетіп.
«Пәк қыздарын күң етіп»,
Көкірегіне қайғы түнетіп.
Шалғы тиген баудай ғып,
Өлімтігін таудай ғып.
Орып өткен орақтай,
Бетіне жан қаратпай.
Қара қарға жау бетін,
Тоздырып шілдей таратты-ай.
Оңына келсе лақтырып,
Солына келсе лақтырып.
Екітүгей тұлпардың,
Омырауымен қаққызып.
Жымысқы жаудың үмітін,
Тарамыстай жатты үзіп.
Күннен туған Күлтегін,
Айдан туған Күлтегін,
Ұлы түркі бағы үшін,
Алмас қылыш сілтедің.

Орхон-Енисей жазбалары әлемді дүр сілкінткен құбылыс болды. Көне Угор тайпаларының мұрасы деп есептеген әлем 1893 жылы Дания корольдік ғылым академиясының мәжілісінде Вильгельм Томсеннің жасаған мәлімдемесінен кейін аңтарылып қалды. Вильгельм Томсен құпия жазудың кілтін ашқанын, оқыған алғашқы сөзі «тәңірі», «түрік» екенін дөп басып айтты. Тасқа бәдізделіп салынған әр таңба сол кездегі көк түркілердің көделі, бетегелі ұланғайыр өлкесіне көз алартқан анталаған атанәкес дұшпандардың бетін қайтарып, тойтарғанын, елінің болашағы үшін, ұрпағының амандығы үшін жан

берісіп, жан алысқан кескіслескен майдан кешкенін бейнеледі. Және бір қызығы, бұл құлпытастағы жазулар жыр күйінде берілген. Қаһармандық ерлікті құнарлы да оралымды, ырғақты тілмен суреттеген бұл жазба көне түркілердің батырлығымен қатар, өнер, білім, ғылымы дамыған өркениетті ел болғанын тағы да айғақтай түсті.

Тебінгіден тер ақты,
Толарсақтан қан кешті.
Константинопольді өзіне қаратты,
Жеңімпаз Мехмет жанкешті.

Ұлы шаһар суынды,
Қайғысы мұңмен бүркеулі.
Бір батыр түрік ту ілді,
Күмбезіне шіркеудің.

Желсаңдақты мінді өзі,
Алдаспаны жарқылдап.
Шіркеулердің күмбезі,
Ою салған алтындап.

Шақырады алыстан,
Шүрк тесік қақпасы.
Мехмет жас арыстан,
Тіреді сонда ат басын.

Янычарлар салды асыр,
Маңдайдан тері тамшылап.
Берілмеген сан ғасыр,
Шаһар жатты қансырап.

Бұл ақын Заида Елғондинованың Еуропада ғасыр бойы үстемдік орнатқан жау алмас Византия мемлекетін күйретіп, 1453 жылы 29 мамырда Константинопольді тізе бүктірген түріктің жеңімпаз сұлтаны II Мехмет туралы жазылған жыр. 53 күн бойы «тебінгіден тер ағып, толарсақтан қан кешкен» түрік янычарлары сан ғасыр берілмеген алып шаһарды басып ала-

ды. Ақын «қайғысы мұңмен бүркелген ұлы шаһардың шіркеу күмбезіне батыр түрік ту ілді» деп қызыл аяқ қар, жалаң аяқ жар кешіп жүріп қасық қаны қалғанша күрескен түрік патшасы II Мехмет пен янычарлардың жаны сірі жансебілдігін ерекше суреттейді.

Иә, ақын Заида Елғондинова жүрегін тілкемдеген елінің шеменін жасын жырларымен, рухты өлеңдерімен тарқатты. Ақын Заида Елғондинованың жырларын оқи отырып, туған жеріндегі сансыз сұрапыл соғыс, сансыз шайқас пен сансыз күресті көресің. Жалғыз жанын құрбан еткен, майданда шаһит кешкен батырлардың ерлігін көресің. Күллі қазақ даласындағы әр топыраққа батырдың қаны сіңгенін түйсінесің. Осыншама зобалаңнан сүрінбей өтіп, батыр бабамыздың қанымен келген тәуелсіздікті ұлықтау біздің басты борышымыз екенін, өскелең ұрпақтың болашағы үшін күрескен, жолан батырларының төгілген әрбір қаны үшін қарыздар екенімізді тағы да сезінесің. Ана сүтімен келген қасиетті ана тілін шұбарламай қадір тұтатын, ұлтының ұлылығын ұлықтайтын, ұланғайыр байтақ өлкесінің керегесін кертіп, туырлығын тілмек болған дұшпандарды қан қақсатқан баһадүрлерді пір тұтатын, аталы сөзге тоқтайтын ұлтжанды, рухты ұрпақ болу – біздің ең басты мұратымыз. Сондықтан да, халықты сүю дәрежесіне жеткен, халқының болашағының бұлыңғыр болуынан сақтап, өскелең ұрпақты егеменді елдің берік ұстынына айналдыруды мақсат тұтқан ақын Заида Елғондинованың «Ұлы дала рухы» атты жыры қазақ елі үшін әлі қаншама ғасырдың азығына айналары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедиясы.
2. «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі».
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – X том.
6. «Қазақ Энциклопедиясы», 6 том.

